



Сыр бойы

№103 (21178) 16 шілде, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2026 жылдың қаңтар-маусым айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері және республикалық бюджеттің орындалуы қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте өңірдің жартыжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері талқыланды.

Аймақта негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика, өңдеу өнеркәсібінде 14 пайыздық өсім қалыптасқан. Инвестиция тарту бойынша Үкімет бекіткен 789 млрд тенге меженің 43 пайызына қол жетті.

– Дегенмен бірқатар ауданда өнеркәсіп өндірісі, негізгі капиталға салынған инвестиция көлеміне қатысты жоспар орындалмаған. Салаға жетекшілік ететін жауапты басшылар, негізгі көрсеткіштерге талдау жасаныздар.

Шілденің 1-індегі есеп бойынша облыс бюджетінің кірісі 111,9 пайыз орындалды. Республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер мен облыс бюджеті 100 пайыз толығымен игерілді. Осы ретте басқарма басшылары, қала және аудан әкімдері, облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасымен бірлесіп, жобаларға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алуды үйлестіріңіздер, – деді Мұрат Налқожаұлы.

Айта кетейік, бүгінде Қызылорда қаласының бас жоспарына өзгерістер енгізілуде. Мәжілісте қала аумағында салынып жатқан және салынуы жоспарланған нысандарды ескере отырып, бас жоспардың жобасын жеделдетіп аяқтау, мемлекеттік сараптама қорытындысын 1 қазанға дейін алып, Үкімет қарауына енгізу тапсырылды.

2-бет



ТАЛПЫНҒАН ЖАСҚА ЖОЛ АШҚАН

Ауылда дәрігер, мұғалім, фермер, мемлекеттік қызметкер тапшылығы әлі де өзекті. Осы ретте жас мамандарды ауылға тарту, жұмысқа орналастыру, баспанамен қамту, әлеуметтік көмек беру үшін «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы жеміс беріп келеді. Бағдарлама тек бос жұмыс орындарын толтырмайды, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қызмет, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіп салаларындағы кадрларды тұрақтандырады. Сондай-ақ ауыл әкімдіктерінің қызметкерлерін де қамтиды.



Ашық дереккөз негізінде дайындалған Құттық Орама

/// ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

АШЫҚ ПІКІР АЛАҢЫ

Қоғамдық кеңестің маңызды мәселелерге орай сындарлы диалог алаңын қалыптастырудағы маңызы зор. Кеңес мүшелері тұрғындардың мүдделерін білдіруде, әлеуметтік-экономикалық даму, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, экология және басқа да салалардағы өзекті мәселелерді талқылауда белсенділік танытып келеді.

Кеше аймақ басшысы Мұрат Ерғешбаев облыстық қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесті. Оған басқарма және департамент басшылары,

бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Облыс әкімі жиынға қатысушыларды Қазақ-

2-бет

/// КҮН РАЙЫ

АПТАПТЫҢ БЕТІ ҚАШАН ҚАЙТАДЫ?

Өңірде бірнеше күннен бері қатты ыстықтың беті қайтар емес. Аптаптың шамасы күннің астында қыздырылған табаға немесе тасжолға жұмыртқа қуырып алуға жетерлік. Әлеуметтік желіден мұндай бейнежазбаны көптеп кездестіруге болады.

Мұның қашанға дейін жалғасатынын біз «Қазгидромет» РМҚ Қызылорда облыстық филиалынан сұрап білдік. Синоптиктердің айтуынша, бұған Өзбекстаннан келген құрғақ жылы ауа райының массасы әсер етіп отыр.

– Облыста жауын-шашынсыз әрі қатты ыстық ауа райы 18-19 шілдеге дейін жалғасады. Ауа температурасы түнде 28-33°C-ге көтерілсе, күндізгі температура облыстың басым бөлігінде 40-45°C, оңтүстігінде 47°C болып, күн қатты ысыды. 19-20 шілдеден, яғни шілде айының үшінші онкүндігінен бастап қана ауа температурасы аздап төмендейді. Сондай-ақ облыстың солтүстігі мен орталығында секундына 15-20 метр жел, шаңды дауыл соғады, – дейді филиалдың бөлім басшысы Әйгерім Жөкелова.

Шілдігір шілденің ми қайнатар ыстығында қызылордалықтар үй-жайларда салқындатқыштың көмегімен амалдауға мәжбүр. Әйтсе де осындай күнде жарық әлсін-әлсін өшіп қалып жатыр.

– «Сәулет» ықшам ауданында соңғы он шақты күн шамасында жарықты бірнеше сағатқа өшіріп тастайды. Алдын ала ескерту де жасамайды. Мұны қалай түсінеміз? Ми қайнатар ыстықта үлкендер мен балалардың жағдайын неге ойламайды? Күн от боп тұр.

Талтүсте жарық жоқ, – делінген әлеуметтік желіде жарияланған сондай шағымдардың бірінде.

Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы мұның себебін жекелеген аумақтарда жөндеу жұмысының жүргізілуінен деп түсіндірді.

– Ауа райының шамадан тыс ыстық болуына және электр энергиясын тұтыну көлемінің артуына байланысты электр желілерінің сенімді әрі тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында жекелеген учаскелерде уақытша ағыту-қосу жұмысы жүргізіліп жатыр. Осыған байланысты кейбір аумақтарда электр энергиясын беру уақытша шектелуі мүмкін. Келтірілген уақытша қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз, – деп хабарлады компанияның баспасөз қызметі.

Қалада есесіне коммуналдық қызмет өкілдері аптапқа қарамай, уақытпен санаспай жұмысын жалғастырып жатыр.

– Қаладағы қолайлы экологиялық және санитарлық ахуалды сақтау мақсатында негізгі автокөлік жолдарына техника көмегімен су себілуде. Бұл шаң-тозаның көтерілуін азайтып, ауа сапасын жақсартуға және жоғары температураның жол жабындарына әсерін төмендетуге бағытталған, – деп хабарлады

қала әкімінің баспасөз қызметі.

Бұл іске жұмылған 10 техниканың 3-і көлік жолдарына жанбырлатып, ал қалғаны басты автокөлік жолдарына дәстүрлі тәсілмен су сеуіп жүр.

Аптап ыстықтың әсерін балалар, қарттар, жүкті әйелдер мен созылмалы ауруы бар адамдар көбірек сезінеді. Сондықтан дәрігерлер оларға далада ұзақ жүрмеуге кеңес береді.

– Ауа температурасының шамадан тыс көтерілуі ағзаның жылу алмасу жүйесіне күш түсіреді. Соның салдарынан адам тез шаршайды, әлсіздік, бас айналу, бас ауруы, жүрек қағуы байқалуы мүмкін. Кейбір жағдайларда күн өту немесе ыстықтан естен тану қаупі де бар. Күннің ең ыстық мезгілі – сағат 11:00 мен 17:00 аралығы. Осы уақытта мүмкіндігінше көлеңкеде немесе салқын жерде болған дұрыс. Күні бойы жеткілікті мөлшерде таза су ішіп, жеңіл әрі ашық түсті киім киген жөн. Бас киім киюді ұмытпау керек. Майлы әрі ауыр тағамдарды азайтып, көкөніс пен жеміс-жидекті көбірек тұтынуга шақырамын, – дейді №3 қалалық емхананың дәрігері Нилуфар Хасанова.

«Қазгидромет» өкілінің сөзіне сүйенсек, дәл мұндай жоғары температура Қызылорда облысында 2023 жылы тіркелген екен.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



Фото ашық дереккөзден

/// ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

АҚЫЛЫ ЖОЛДАРДЫҢ АБОНЕМЕНТІ БЕЛГІЛЕНДІ

«ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы ақылы автомобиль жолдарында жүруге арналған айлық және жылдық абоненттердің бағасын, сондай-ақ оларды рәсімдеу тәртібін жариялады, – деп хабарлайды Egemen.kz.

Абоненттерді ақылы жол учаскесіне жақын орналасқан аудандарда тіркелген көлік иелері ғана сатып ала алады. Бұл ретте көлік құралының ақылы жолдар бойынша берешегі боймауы қажет. Көлік иесінің тіркелген мекенжайы Ішкі істер министрлігінің ақпараттық базасы арқылы тексеріледі.

Жеңіл автокөліктер үшін тек жылдық абонент қарастырылған, оның құны – 1 АЕК яғни, 4 325 теңге. 30 күнге жарамды айлық абоненттің бағасы көлік түріне байланысты белгіленген.

Еске сала кетейік, елімізде 10 шілдеден бастап «Қарағанды-Балқаш-Бурылбайтал», «Бурылбайтал-Құрты» және «Талдықорған-Өскемен» бағыттарында ақылы жол жүйесі іске қосылды. Сондай-ақ ІІМ 10 шілдеден бастап 525 шақырым болатын бес учаскеде – «Ақтөбе-Қадыағаш», «Алматы-Қорғас», «Көкшетау-Петропавль», «Астана-Теміртау» және «Астана-Ішүчинск» автожолдарының қосымша учаскелерінде орташа жылдамдықты бақылау жүйесі іске қосылғанын хабарлады.

САРЫМАЙ ӨНДІРІСІ АРТТЫ

Республикада майлылығы 85%-дан аспайтын 13,8 мың тонна сарымай өндірілді. Сарымай мен құнбағыс майы өндірісінің тұрақты өсімі байқалды, – деп хабарлайды Aikun.kz сайты.

Сыртқы сауда көрсеткіштері де оң динамика көрсетті: өнімнің екі санаты бойынша экспорт көлемі ұлғайып, бұл отандық қайта өңдеу өнеркәсібі әлеуетінің артып келе жатқанын айғақтайды.

Сарымай экспорты 40,4% өсті. 2026 жылғы қаңтар-сәуір аралығында шетелге 394,1 тонна өнім экспортталды. Бұл өткен жылдың осы кезеңіндегі 280,7 тоннамен салыстырғанда айтарлықтай жоғары. Негізгі экспорттық нарықтар – Ресей, Моңғолия, Қырғызстан және Беларусь.

Сарымай импорты 2242,2 тонна, ішкі нарықтағы импорттық өнімнің үлесі 13,9% болды. Негізгі жеткізушілер – Беларусь пен Иран.

САЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Жаңа Салық және Бюджет кодекстері күшіне еніп, салық саясатының жаңа кезеңі басталды. Реформа экономиканың нақты секторын қолдауға, салық жүктемесін әділ бөлуге және көлеңкелі экономиканы қысқартуға бағытталған, – деп хабарлайды Kazinform.

Жаңа салық саясаты алғашқы нәтижелерін көрсете бастады. Бірінші жартыжылдықта мемлекеттік бюджет кірістері өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда шамамен 16%-ға өсті. Бұл өсімге қосылған құн салығы (ҚҚС) түсімдерінің шамамен бір жарым есеге артуы елеулі үлес қосты.

Жаңа кодекс аясында жеке табыс салығының прогрессивті мөлшерлемесі енгізілді. Жылдық табысы 8,5 мың АЕК-тен немесе 36,7 млн теңгеден асатын азаматтар осы сомадан жоғары кіріс бөлігіне ғана 15% мөлшерлемесмен салық төлейді. Ал қалған азаматтар үшін салық мөлшерлемесі өзгеріссіз сақталды.

Валюта бағамы: \$ 468,88 kzt

€ 534,1 kzt

₸ 6,04 kzt

Ауа райы: Бейсенбі

☀️ +40°

🌙 +25°

Жұма ☀️ +43°

🌙 +26°

Сыр бойы

№103 (21178) 16 шілде, бейсенбі 2026 жыл

/// ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ ЖЕРҰЙЫҒЫН ЖЫРЛАҒАН АҚЫН

Жетікөлден тағы бір ақын шықты. Ол – Кенжалы Ерімбетов, есімі Сыр бойына журналист ретінде жақсы таныс. Біз оның өткен жылы «Ауылға барам» атты жыр көшіңде қоғадай жапырылып қарсы алып, қолдау көрсетіп өткіздік.

/Ауыл адамдарының әңгімесінен/

Жетікөлдің табиғатын көрген ақын көркем өлең жазбауы мүмкін емес. Осы ауылды алғаш көргенімде алыста, кісі елінде қалған Сарықамыс ойыма түсті. Сарықамыс жаяу желмен шайқалып, менің бала күнімді сағынғандай сыңай танытты. Осы жаяу сапарымда «Жеті-көл, жеті жыр, жеті бояу» атты жепілі жеті жыр жаздым. «Сендерге де келейін енді аяндап» деп Абай айтқандай, Кенжалы Ерімбетовтің поэзиясы туралы әңгіме қозғалық. Ол ақындық өнерге кенжелеу келген каламгер. Өйткені оның өмір-тіршілігінің ауырлығы солай болды. «Көңіл күмбезі» атты жыр кітабы қолымда тұр. Парақтап, зер сала оқып отырмын. Ой кешіп отырмын. Өлеңдер жинағының желісі «Ауылға барғанда» деген тақырыппен басталыпты.

Ауылын сағынып келген ақын: «Бұлтыңды аңсап, Кеп тұрмын жұртымды аңсап» дейді ағынан жарылып. Ал «Боз жусанның түбірі» атты өлеңінде:

– Жетікөл, өзінде өткен балалығым, Ұмытпас ол кезеңді саналы ұлын, Боз жусанның түбірі секілдімін, Боздаладан нәр алған бала құлын, – деп кейінде қалған жылдарын тебірене еске алады. Оны көркейтіп тұрған «Боз жусанның түбірі секілдімін» деген айшықты тіркес, айшықты ой. Жусан аптап ыстыққа жұтамайды. Түбірі бекем, жұпар иісі бұркырап тұра береді. Міне, Кенжалының өлең жолдарында боз жусандай боздаланың иісі аңқып тұр. Мұны мойындау керек.

Ақын «Жыр бағы» өлеңінде: – Жетікөлім, өзін мені түлеткен, Құдіретін өмірімді гүл еткен, – дейді. Бұл – лирика. Орыстың ұлы сыншысы В.Белинский «Поэзия – искусствоның жоғарғы тегі» деп тегін айтпаған. «Лирика – барлық поэзияның жаны, өмірі» дейді Жан Поль Рихтер. Бұл айтылған пікірлерді Белинский «дұрыс баға» дейді. Ендеше Кенжалының өлеңдерінің нзік те сыршылдығы тереңде жатыр деп ақын ретінде айтар едім.

Енді Ерімбетовтің жыр бағын тағы аралап көрелік. «Сенің адал перзентің боп қалайын» атты жырында «Жетікөл де анам менің секілді» деген түйіндеу бар. Оқырманға ой салады. Мені де ойға жетеледі. Есіме теріскейдегі текті елім, атажұртым түсті. Бақырлы мен Ахмет бұлағына, Тайқоңырға барғым келді. Нағыз поэзия жүрекпен үндеседі деген осы болар.

«Көңіл күмбезіне» тағы да ой жүгірттім. – Жетікөлім, мен батырың болмадым, Зор қуаныш, Бір перзентің болғаным, – дейді ақын. Ал келесі «Жүгіңді арт» атты өлеңінде салмақ бар. Мұнда туған жерге деген інкәр сезім айшықталған. – Жетікөлдің желіп өтсе самалы, Аяулы анам сипағандай болады.

Ақ айдынның жәудіреген жанары, Соны ойлап көңілдің көп алаңы, – деп ақын тебірене жырлайды. «Ей, табиғат, Жер-Ананы жүдетпе» атты өлеңі, бұл – таза табиғат лирикасы. Айтарға тілі жоқ табиғатқа «Ақ айдынның жәудіреген жанары» деген теңеуі көңілге қонымды, нанымды екенін байқауға болады. Бүгінгі көлдің жай-күйін, мұнын, шерін нанымды етіп айта білген. Бұдан артық қандай теңеу керек? Шынында адамнан жәрдем күтіп жатқан сулы, нулы көлдің бүгінгі халін тамаша жеткізген.

Содан келіп алаң көңілді ұғына түсіп, сонаауу артта қалған әдемі табиғатты аңсайсың. Сол аңсау арқылы балалық шақты еске түсіресің. «Көл жағасы, Айшағырға мінгізіп, Нағашы атам баптаушы еді сәйгіülü» деп зуылдап өте шыққан жастық шағын аңсайды.

К.Ерімбетовтің «Көк бөрі» деп аталатын жырын жанр жағынан алғанда балада деуге болады. Мұнда ол ит пен бөрі туралы айта отырып, базбір пенделердің жағымпаздығын, жалбақбайлығын, сатқандығын, иттігіін сыңға алады. Мына жалғанда кейбір адамдардың бақ пен так үшін жалған істерін, иттігін, дүниеқоныздығын көргенде, «Көк бөрі» жыры ойға оралады.

Ананы ұлық тұту – адамзаттың парызы. Анасын ұлықтаған ақын «Ақ сүтінді ақтадым ба, білмедім» деген өлеңінде:

– Ақ сүтінді ақтадым ба, білмедім? Асыл бейнен көз алдымда тұр менің, – деп тебірене толқи жырлайды. Сондай-ақ ақын туған ауылы Жетікөлдің іргесінде толқып жатқан Макпалкөлі мөлдіретін суреттейді. Қараныз ендеше: – Толқының жағанды кеп ұрғылайды, Көрген ем көл бетінен сұңғыла айды, – деп тың тенеулерді алға тартады.

Кенжалы Ерімбетов эпитет, метафора сияқты көркемдегіш құралдарды орынды қолдана білетін ақын деп айта аламын. Туған жері – Жетікөлі жерұйыққа балаған ақынның «Көңіл күмбезі» атты жыр жинағын оқырмандардың жылы қабылдары анық.

Мұхамеджан НҰРХАНОВ,
ақын, жазушы,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі



МЕНИҢ ӨМІРІМ

Өмір тартыс, додасында сыналғам, Сол сынаулар адам етіп шығарған. Кездерім көп құлаған да, жығылған, Кім бар дейсің, арманымды ұғынған?

Төрт жасымда айырылғам әкемнен, Тағдыр солай шертті қатты шекемнен. Төрт баласын сауысқанға шоқтырмай, Бар салмақты байғұс анам көтерген.

Менің өмірім кіл ашыдан тұрады, Көп екен ғой тағдырдың сынағы. Он сегізде туған ағам қайтқанда, Аяулы анам ағыл-тегіл жылады.

Менің өмірім қиындықтан құралған, Он алтымда сырқаттанып сыналғам. Төрт жыл жатып Ташкентте емделдім, Сонда маған жар болғаны бір Аллаһ!

Келдім содан ұзақ жатып емделіп, Денсаулықта қалған еді жөңделіп. Армандарды орындауға талпындым, Анам байғұс, жүрді ылғи дем беріп.

Енді ғана көтергенде еңсемді, Үйдің тағы шаңырағы теңселді. Он сегізде қарындасым өрімдей, Қайтты ол да ғұмыр бітіп өлшеулі.

Анам сонда боз інгендей боздалы, Жанға батты тағдырдың жазғаны. Ал сонан соң үш жыл салып араға, Қайран анам, бұл өмірден озғаны.

Қайғы-шерді көтере алмай құлады, Ауырлықты кешкен жандар ұғалды. Бөріне де жүрек шіркін, шыдады, Менің өмірім сан қиыннан тұрады,

Сабыр еттім, жақсы күндер туалы, Үміттендім, жарық сәуле шығады. Осы күні Ұлы Аллаға мың алғыс, Болады екен күннің түсер шуағы.

Алла солай күн сыйлады жайдары, Өз бағымда балапандар сайрады. Ата болдым, Ұлы Аллаға мың алғыс, Мені осылай өмір сынап, қайрады.

МЕНИҢ МӨЛДІР ӘЛЕМІМ

Менің мөлдір әлемім бар түп-тұнық, Ай-жұлдыз да қарайды оған ынтығып. Туған елдің топырағынан нәр алғам, Ауыл жайын ұмытпау да мықтылық.

Менің мөлдір әлемім бар қарасаң, Шағын сондай, үлкен емес орасан. Айлы түнде жұлдыздарға ғашық боп, Көмейімнен туындаған жаңаша ән.

Менің мөлдір әлемім бар, гүл еккем, Жырды баптап жүрегімнен түлеткем. Патша көңіл адалдықты ту еткен, Сәл мұнайса қалың ойды түнеткен.

Менің мөлдір әлемім бар, байқасаң, Ай қараған ғашық көзбен әрқашан. Алай-дүлей мінезім бар кей кезде, Ақ дауылдай жыр боратар бұрқасам.

Менің мөлдір әлемім бар әдемі, Гүлдерді де ғашық етер әлемі. Таудан аққан таза бұлақ секілді, Жұмсақтығы ақ мақтаға тең еді.

Менің мөлдір әлемім бар шап-шағын, Мені әлдилеп оятады ақ таным. Пендеге емес, махаббатқа жүгінем, Онсыз сенің болмас әсте шат жаның.

Менің мөлдір әлемім бар көктемдей, Рахман нұрға бөлеп мені кеткендей. Өз бақшамда көгеріп тұр жемісім, Шүкір Алла, шапағатын төккендей!

Менің мөлдір әлемім бар аспанда, Ұқсатасың эптактығын ақ қарға. Келер жандар әлемімді көруге, Жыр жұлдызым, Жарық сәуле шашқанда.

АЛЛА, ӨЗІҢ ЖЕБЕГІН!

Өмірдің ырқына көніп келемін, Асау мінезге кейде ерік беремін. Шарияттың шарттарына сенемін, Әрқашанда, Алла өзін жебегін!

Елеуіндей бір пенделей еледің, Құлағанда қолтығымнан демедің. Сен қолдасаң қиындықты жеңемін, Болар Алла, сенің әркез дегенің!

Өміріме нұрын төккен Құдайым, Ұлы Алла жар бола гөр, лайым! Денсаулығым сыр берсе де шыдайын, Тағы да бір деген шығар сынайын.

ШАБЫТ

Көтеремін, құлақ кесті құлынмын, Ей, жарық күн, қадірінді ұғындым. Жығылмайтын жерде талай жығылдым, Кейде өмірден күдер үзіп түнілдім.

Сондай сәтте, Алла өзін демедің, Талай мені шаттыққа да кенедің. Сүйенерім, сыйынарым бір өзің, Демеуші де, қолдаушы да сен едің! Алла өзін әрқашанда жебегін, Ал қалғанын маңдайымнан көремін!

ЖҮРЕГІМДЕ САРЫҚҰМЫМ

Ақтөбе мен Асанас, Жеті зауыт, Біз жеткенше кететін бесін ауып. Ақ тақыры секілді айдын көлдей, Алыстан сағымданар төсің анық.

Қызылдың шығатын ек қиясына, Саяқтың айналған жер ұясына. Жұсаны бұрқыраған қайран далам, Ештеңе тең келмейтін миясына.

Бүгін жасар тірлігім ертенге қап, Жүргенімде бәрінен кеш қалыппын.

ДОСТАР

Қайран достар, бала кезгі жоқ бүгін, Ал олардың армандары көп-тұғын. Қырық жаста сапар шегіп кетті олар, Қара бұлттай жүрегімді жапты мұң.

Өздеріңсіз өтіп жатыр күндерім. Талай рет тағдырды тілдедім. Мен сендерді ауыл жақтан іздедім, Бейнелерін жүрегімде тұр менін.

Қайран достар, бала кезгі жоқ бүгін, Жанып тұрған алаулаған от-тұғын. Кең дүниеге сыймай бәлкі кетті ме? Өздеріңсіз өтіп жатыр көп күнім.

Мұңсыз едік, бала кезде не деген? Сол мұңсыз шақ қуанышқа кенеген. Ұрысса үлкендер «адам бол» деп елеген, Қариялар ол кездегі көргенен.



Фото ашық дереккөзден

Сарқамыста саршымшық ән салатын, Сарықұмда сартышқан қарсы алатын. Сары күзде сарғайған сексеуілдер, Сағыныштай жаныма ой салатын.

Жүрегім де сақталған Сарықұмым, Жал-жал биік болатын бәрі мұнын. Қарани мен қоян көсік, құмжуасы, Денсаулыққа пайдалы дәрі-тұғын.

Жейтін ек, қазып алып осыларды, Ыстық құм табаныма басылады. Шыдаушы ек, білінсе де ашығаны, Бойда қан онан сайын тасынады. Балалығым ақшағыл құмда өткен, Сарықұм – көңілімнің асыл әні.

Сарықұм сарытөбе ауылдағы, Сендерге сағынышым қалыңдады. Сарыбел сағымдана мұнартады, Барсам деп көңіл құрғыр құмартады.

ОСЫ ӨЛЕҢ

Аша тұяқ жоқ алдымда айдаған, Жерім де жоқ меншігімде ой бағам. Күнкөрісім қоңыр тірілік көнтері, Секілдімін мен өзімше ойлы адам.

Ысқырығым айналамнан шықпаған, Дауысымнан үрген ит те ықпаған. Жыл жарардай екпін қайдан болады? Қонбаса егер мол несібе, құт маған.

Жүгірмеппін дүниені табам деп, Ойламаппын аш-жалаңаш қалам деп. Өлеңіме мәз болыппын өзімше, Биіктерді бағындырып алам деп.

Осы өлең – бар қазынам, байлығым, Шайлығыма жетпесе де айлығым. Көңілімді жыр жайлауға семірттім, Қайран өлең, білдіртпеген қайғы-мұң.

БӘРІНЕН КЕШ ҚАЛЫППЫН

Жастығым қайда кетті жалындаған, Екпінмен көрінбейді арындаған. Өларада күн кешкен жандаймын-ау, Шың басына жете алмай дамылдаған.

Сардаланы аңсаймын сағым бұған, Жігіт ем, жаратылған жалын нұрдан. Қуш-қуат бойымдағы тасып тұрған, Қайран жастық, асауды бағындырған.

Осылай асау тайды бас білдірген, Сырымды тарқатайын жас күндерден. Келмеске кетті білем, қайран жастық, Кезіміз болған емес, босқа жүрген.

Жігіт ем, жас қайындай бүршік атқан, Самалымен оятқан сыршыл ақ тан. Асау жүрек, о кезде асау көңіл, Бойдағы қызу қаным ыршып аққан.

Шөп те ордық кол орақ, шалғыменен, Өріске мал айдаушы ек алдыменен. Есейдік еңбек етіп бала кезден, Ал кешке пада күткен жанды көрем.

Жастық-ай, қараңғыдан қорықпаған, Жігіт пе, мақпал түнде жортпаған? Таң ата үйге жетіп құлаушы едік, Бір күнім босқа өтті деп торықпаған.

Жастық-ай, қызуына мастаныппын, Кететін таңым атса басталып күн.

Қайран достар, бірге есейдік бәріміз, Бірге еді, біздер салған әніміз. Тәтті еді, сөмкедегі нанымыз, Бір болатын кеудедегі жанымыз.

Қайран достар, сыныпқа да бір бардык, Бірге есейіп, жас қайындай бүр жардык. Білім нәрі шуағымен нұрландық, Еңбек еттік, бос жүргенге арландық.

Өздеріңсіз өтіп жатыр өрім күн, Көп адамға досы жоқтай көріндім. Өздеріңсіз сәні келмей төрімнің, Тарқатылмай сыры қалды көңілдің!

МЕНИҢ АУЫЛЫМ

Менің ауылым – кең даланың бөлшегі, Үлкен совхоз бола-тұғын еңселі. Бір кездері Иранбактай көркем ед, Меккеге әлі тең көремін мен сені.

Менің ауылым жеті көлден тұрады, Сол көлдерден ауыл аты шығады. Манабай мен Макпалкөлім тұр әлі, Сыбызғы үнді сыбдыр қакқан құрағы.

Кенбай көлі, Қайырсуат, Қараой бар, Көктіңкөлден балық жеген талайлар. Шошқаөлгенде торала қаз мекендеп, Тазы алуға жетелеген сан ойлар.

Бола-тұғын жері қалың ну да көп, Су тартылып қалар деген ойда жоқ. Бескөлдің де су тартылып сор басқан, Құйып алар ағыл-тегіл су да жоқ.

Жетікөлім жинағындай көлдердің, Табиғатын сұлу шақта көргенмін. Көктем келсе айналана әр бердің, Арнап саған жыр бұрымын өргенмін.

АУЫЛДАСПЕН БІРГЕМІН

Ауылдағы ағайынмен бір едім, Өр кезде де елді ойлап жүремін. Бар жақсылық ауылыма тіледім, Сендерменен бірге соккан жүрегім.

Ой-қырынды бала кезде шарлағам, Кербездене қараушы еді паң далам. Көктем келсе Макпалкөлде жайнаған, Өлеңімді туған жерге арнағам.

Ақ айлында аккумуля панданып, Сұлу бейне қарайтын жұрт танданып. Жағалауға қараша үйлер тігіліп, Жазғы жайлау кететін-ді жанданып.

Әсте ауылдан алыстаған емеспін, Бала кезде тайға мініп мен өстім. Есектің де жауыр еттің арқасын, Бала кезім өтті, кетті елес күн.

Көл жағасы үркітуші ек шабағын, Арқаласпақ ойнайтынбыз, баламын. Ондай кезде жайға қалар сабағың, Ойын десе, ашылатын араның.

Ертеңіне апайдан сыбағаны аламыз, Жазасының түрі жаман қараныз! Тартқылайды құлақты, сокқылайды шекені, Осыдан соң жақсы оқып қаламыз.

Қызық еді балдай тәтті балалық, Бастан өтті білем талай шалалық. Елу жылда алмасыпты өмірлер, Қалыпты ғой адамдар да жаңарып.

Ар ма, ағайын, алдарыңа кеп тұрмын, Әрқашанда ауыл жаққа бет бұрдым. Болмасам да найзағайың жарқ еткен, Азамат боп қалуға мен ұмтылдым!

ЖЕТІНШІ АСУ

Жеті асуға жеттім-ау аман-есен, Сүре алсаң өмірді болады әсем. Қанша ғұмыр қалғанын Құдай білер, Әжім басқан жүзіме қарама сен.

Жетінші белеске аяқ тірегенім, Жетісіп неменеме шіренемін? Қадірлейтін кім едім, алдарыңда? Кітапқа да шықпаған бір өлеңім.

Жетінші асу биік пе, аласа ма? Ой тастар өремде жоқ қарашаға. Әйеліммен қоңыр тірлік күн кешемін, Өрбітіп біз өсірдік бала-шаға.



Фото ашық дереккөзден

Көрсетіп елге немді мақтанамын, Өлеңге жан сырымды ақтарамын. Сынаулардан тұрады мына заман, Қызғаншаққа бәрібір ақ-қараның.

Жетпісті әр азамат құрметтеген, Әйтеуір ешкімнен де сый күтпегем. Өлеңім – көңілімнің ақ кеттері, Ақ қағазға сырымды өрнектеген.

Жеті асудан алатын сыйым қандай? Қарай ма қарақөздер қиылғандай? Кеудеме әсем жырлар құйылғандай. Тоқырап менің жаным қалмаса екен, Күн кешейін жақсылық бұйырғандай.

Жеті белес биіктен аса алам ба? Өмір жүйрік ұқсайды қашағанай? Жалт бұрылып кетпей ме асау аттай? Денсаулықтың кей болты босағанда.

Өрең шықтым асуына жеті белдің, Ауылдан арман қуып кетіп едім. «Қай ауылдың тумасы» дегендерге: – Перзентімін жерұйық Жетікөлдің.

ДОСТАРДЫ ЕСКЕ АЛУ

Өткен жылдар жүзімді шиырлады, Женіл өмір жоқ екен қиын бәрі. Елу жасты тойлаймыз деп жүргенде, Достарыма елу жас бұйырмады.

Қыршын жас өкінішті... қиылғаны, Сансыз ой қиялымды шиырлады. Ұл-қызына той жасап берем деуші ед, Ол той да достарыма бұйырмады.

Жүрегім онашада жылап тұрды, Жауабы жоқ, кеудеге сұрақ тұнды. Не дейін саған тағдыр тіл жетпейді? Көңілді қырық жамау құрақ қылды.

Басқосулар біртіндеп алыстады, Есер шақ естен кетпес алыс қалды. Сендерсіз мына күндей қызық болмай, Қиялым желмен бірге жарыспады.

Кластастар мұнан соң жиылмады, Нарық көп өмір сүру қиындады. Екі гасыр тоғысын көзбен көрдік, Оны көру сендерге бұйырмады.

Бәрі есімде балалық қылықтарын, Бірге өткердік қаншама қызықтарын, Ләңгі теуіп қызарған тобықтарың, Жан достар, өздерінді ұмытпадым!

Жігіттіктің бір жүрдік алаңында, Нұр ойнатып арудың жанарында. Өлең оқып, ал бірін ән салушы ең, Жүзіп шығып махаббат аралында.

Сұлуларды қоятын тамсандырып, Нәзік жанға кететін ой салдырып. Арулардың алдына ішіп барған, Танытпаған бірақ та, тарпаң қылық.

Көңілдің басылмаған арындары, Асау жүрек ол кезде бағынбады. Өткен шақ осындаймен тәтті шығар, Жан достар қырға барып дамылдады.

Кенжалы ЕРІМБЕТОВ

/// ОЛЕҢ МЕН ӨМІР

«БІР ЖОМАРТ ШЫҒАР ДЕГЕН ҮМІТІМ БАР»

(«Мөлдір өлең» ұлттық жобасының үйлестірушісі, жерлесіміз, ақын Мөлдір Айтбаймен шағын әңгіме)



– Мөлдір, қазір бұл жоба жайында күллі еліміз құлағдар болды. Әр апта сайын әлеуметтік желіден асыға күтіп отыратының бірі өзіміз. «Мөлдір өлеңнің» мөлдір бастауы қайдан шықты?

– Бұл жоба менің қиялыман туды. Спорт түрлерінен өтетін турнир, спартакиадаларды айтпағанда, білім саласында да әртүрлі олимпиадалар бар. Айттыңын данкы аспанға шықты, әншілер үшін «Superstar KZ», «Қазақстан даусы» ән байқаулары, жыршы-термешілердің «Мен – қазақтың» жобасы баршаға мәлім. Бұлардың бәрі де жазба ақындарды айналып өтеді. Мен осы олқылықтың орнын толтырғым келді және ақындардың кеңірек танылғанын қаладым.

– Жобаның қаржысын көтеріп отырған демеушің бар шығар? – Әзірге демеушім жоқ, бірақ бір жомарт шығып қалар деген үмітім бар. Мен өзім әнге сөз жазам, тойда арнау айтып табам, сол ақшаларымды осы жобаға салдым. Оның үстіне дауыс беру ақылы аптасына жүз мың түседі, билет сатамыз, содан құралады.

Музыка құрылғылары, сахна, YouTube арнасының тікелей түсірілімі, бәрине ақы төлеймін.

– Газет оқырманы үшін түсінікті болсын, жобаға қанша ақын қатысып жатыр?

– 17 облыстан және 3 мегаполистен, яғни 20 аймақтан 20 команда жиналды. Оларды Қазақстан Жазушылар одағының қатынас хаттары арқылы алдырдық. Әр командада үш ақыннан, алпыс ақын апта сайын сайынса түсіп, іріктеу кезеңінде өнер көрсетіп келеді.

– Сырбойлық ақындардың жайы қалай, олар кім?

– Жобаға Қызылордалан Ақжол Түменбай, Аружан Оралбай және Аралдан Айдар Сайлау есімді үш ақын келді. Олар іріктеуге іркілмей жетті, үшеуі де мықты ақын.

– Олардың жүздесі қалай шешілді?

– Оныныш апта біткен соң командалардың тең жартысы қалып, одан бесеуі, бесеуден екеуі қалып, жеңімпаз шығады. Үздік шыққан үшеу 3 млн теңгеге және 100 гр алтын, 3 қарат бриллианттан құйылған ауыспалы статуэткаға ие болады.

«Өзім есептесем боталы түйе алам, жұрт есептесе аяғымды аннан-саннан бір басам» дегендей, осылай болуы тиіс деп отырмыз. Шынымды айтсам, жомарт, мырза, елжанды азаматтарға арқа сүйеймін.

– Спортшыларға көрсетіліп жатқан сый-құрметті көргенде риза болып отырамын. Өлеңнің де өз жанапшыры бар шығар. Ақындарға қалыңсыз өз кырып, үйірлеп жылжып айдапқан мырза аталарымыздың ұрпақтары тірі, арамдыда жүр.

Рухани байлықты жасау жолындағы материалдық байлықтың ролі үлкен екенін жұрт жақсы біледі. Абайдың «Сұлу аттың көркі – жыл, адал, адалаттың көркі – мал» дегенін немесе Бұқар жыраудың «Шүлдірлеген қызыл тілден не пайда, алдың салып айдаған малың болмаса» дейтінін осы тұрғыдан түсінген абзал.

Біз сенің ақындарың аты шықсын, көрікті сөзі көптің кеудесіне сәуле сепсін деген ниетіңе бас қазымыз. Аспаннан періште түсіпті десе мойын бұрмай кете беретін заманда біреуді таңғалдырамын деу бекер. Ал жүректің қылын шертіп әуен шығаратын асыл өлеңге аялдамайтын кім бар. «Әу демеітін қазақ жоқтың» мағынасы – сол.

Саян «Сыр бойы» оқырмандары атынан сәттілік тілеймін. «Мөлдір өлең» мәресіне абыроймен, табыспен жеткейсің.

Сұхбаттасқан
Дүйсенбек АЯШҰҒЫ

/// МУЗЕЙДЕГІ МҰРА

КӨНЕНІҢ КӨЗІ

Музей – халықтың жадын, тарихын сақтайтын, қорғайтын және оларды жалпақ жұртқа көрсететін бірден-бір орын. Негізгі құндылығы – жәдігерлер, халықтың рухының белгісі, өмірінің айнасы. Кез келген халықтың рухани болмысы оның материалдық дүниелерінде көрініс беріп отыратыны белгілі. Бүгінгі технологияның қарыштап дамыған заманында көне заттардың күнделікті тұрмысқа қажетсіз болып қалғаны бар. Алайда сол заттардың халқымыздың тарихын зерттеуде, болашақ ұрпаққа танытуда қаншалықты маңызды екенін ескере бермейміз. Музей үшін сол заттар – халық жадын жандандыруға қызмет ететін, мамандардың зерттеулеріне арқау болатын, ондаған, жүздеген жылдан кейін де болашақ ұрпақ тандана тамашалайтын құнды дүние.

Осындай құндылықтың бірі – Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған тон. Музей қызметкерлері жыл сайын жергілікті тұрғындардың қолында сақталған тарихи, этнографиялық экспонаттарды, сонымен бірге салт-дәстүрге байланысты фольклорлық жәдігерлерді жинақтау жұмыстарын жүргізеді. Міне, осындай жинақтау жұмыстары кезінде аудан тұрғыны Көптілеу Казакбаева үйінде сақтаулы тұрған тонды музейге сый ретінде тапсырған.

Тон – ерлерге арналған сырт киім, қалың матадан тігілген. Іші жылы болу үшін мақта немесе жүн салынған, ал өңірі мен жағасы аң терісімен көмкерілген. Жені үзілген, етегі тізеден төмен түседі. Суық мезгілде киюге арналған және Орта Азия халықтарының, соның ішінде қазақтың дәстүрлі тұрмыстық киімі.

Қазақ халқының ұлттық киімдері – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс-тіршілігінің, табиғатпен етене өмір сүруінің және рухани мәдениетінің айқын көрінісі. Ұлттық киімдер көшпелі өмір салтына, климаттық жағдайға және шаруашылық ерекшеліктеріне сай жасалған. Олардың ішінде ерекшесі – тон. Ол – жай ғана суықтан қорғайтын сырт киім емес, әлеуметтік мәртебені, тұрмыс деңгейін, эстетикалық талғамды және салт-дәстүрді білдіретін маңызды мәдени мұра.

Қазақ даласының қысы суық, жазы ыстық болып келетіндіктен, жылулы жақсы сақтайтын әрі төзімді киім қажет. Осы қажеттіліктен тон пайда болды. Негізінен мал мен аң терісінен тігілген. Бұрынғылар мал шаруашылығымен айналысқандықтан, қой, қозы, ешкі, түйе терілері кеңінен қолданылған. Одан тігілген тондар күнделікті тұрмысқа ыңғайлы, жылы әрі ұзаққа шыдамды болған. Ал аң терілерінен тігілгендері сәндік бағалы киім ретінде бағаланған.

Тонның басты ерекшелігі – жылулы жақсы сақтайды. Ішкі жағындағы жүн суықты өткізбей, адам денесін аяздан қорғаған. Сондықтан қыстың қақаған аязында, боранды күндерде, ұзақ сапарларда таптырмас киім саналған. Көшіп-қонып жүрген малшылар, аңшылар, жолашушылар үшін өмірлік маңызы бар киім болған. Ол кейде көрпе орнына да пайдаланылған, яғни тек киім емес, тұрмыстық қажетті заттың бір түрі.



Алдымен теріні дұрыс сойып, тазалап, илеп, жұмсартқан. Теріні илеу кезінде табиғи әдістер қолданылып, оның мықты әрі ұзаққа шыдамды болуы қадағаланған. Кейін теріні пішіп, тігіп, үлгісін жасаған. Пішім кең, қозғалысқа ыңғайлы болуын ескерген. Кейбір тондардың жағасы, жені мен етегі барқыт, мақпал, жібек маталармен көмкеріліп сәнделген. Әсіресе салтанатты тондарға ою-өрнек салынып, зерлі жіптер пайдаланылған. Бұл бұрынғылардың жоғары эстетикалық талғамын көрсетеді.

Қазақ қоғамында тон сыйлау үлкен құрметтің белгісі саналған. Қадірлі қонаққа тон жабу, құдалықта немесе үлкен тойларда сыйлау дәстүрі кең тараған. Бұл қонақжайлылықты, сыйластықты және кеңпейілділікті білдірген. Кей жағдайда бітімгершілік пен татулықтың белгісі ретінде ұсынылған, яғни қазақ қоғамында қарым-қатынас құралы ретінде де маңызды рөл атқарған.

Тонға байланысты қазақ тілінде мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер бар. Мысалы, «Тонның ішкі бауындай» деген тіркес адамдар арасындағы өте тығыз, ажырамас қарым-қатынасты білдіреді.

Уақыт өте келе тұрмыс салты өзгеріп, заманауи киім түрлері кең тарағанымен, тон өзінің ұлттық мәнін жоғалтқан жоқ. Қазір сирек қолданылғанымен, ұлттық киім ретінде этнографиялық мерекелерде, театрландырылған қойылымдарда, музейлерде кенінен көрсетіледі. Сонымен қатар қазіргі сан саласында ұлттық нақыштағы тондар жанаша үлгіде тігіліп, заманауи стильмен үйлестірілуде. Бұл – ұлттық мұраны сақтап, оны жас ұрпаққа танытудың маңызды жолы.

С.РЫСБАЕВ,
Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейінің әдіскері

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: sm-jarnama@yandex.kz



КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ		ОБЪЯВЛЯЕТ КОНКУРС	
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «КӨП БЕЙІНДІ ОБЛЫСТЫҚ АУРУХАНАСЫ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҒАҒЫҢДАҒЫ КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КАСПОРНЫША БАҚЫЛАУ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ АУАЗЫМДЫҚ ҚАЗІМТЕМЕ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ		УПРАВЛЕНИЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ОБЪЯВЛЯЕТ КОНКУРС НА ЗАНЯТИЕ ДОЛЖНОСТИ ЧЛЕНА НАБЛЮДАТЕЛЬНОГО СОВЕТА КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРЕДПРИЯТИЯ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ «МНОГОПРОФИЛЬНАЯ ОБЛАСТНАЯ БОЛЬНИЦА» УПРАВЛЕНИЯ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ	
Конкурс өткізілетін күні: Конкурсты өткізу туралы хабарландыруды жариялағаннан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін. Конкурс өткізілетін орны: Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, мекенжайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ғимараты, №212 бөлме. Кәсіпорынның атауы, орналасқан жері, пошталық мекенжайы және байланыс телефоны: 120008, «Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы №72, байланыс телефоны: 8 (7242) 23-51-50, e-mail: obnlmc@mail.ru. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көп бейінді облыстық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны. Негізгі қызметі: Қызылорда облысы халқына мамандандырылған стационарлық көмек көрсету. Бақылау кенесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар: жоғары білімнің болуы, сондай-ақ төмендегі мынадай талаптардың бірінің: 1) Денсаулық сақтау салаларындағы кемінде он жыл жұмыс тәжірибесінің; 2) Денсаулық сақтау салаларындағы басшылық қызметте (заңды тұлға басшысы немесе оның орынбасарлары) кемінде бес жыл тәжірибесінің; 3) Денсаулық сақтау салаларындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі болуын қамтиты. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда		Дата проведения конкурса: по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня объявления проведения конкурса. Место проведения конкурса: управления здравоохранения Кызылординской области, адрес: город Кызылорда, проспект Абая, 27, здание областного управления здравоохранения Кызылординской области, кабинет № 212. Наименование предприятия с указанием места нахождения почтового адреса, телефона: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная областная больница» управления здравоохранения Кызылординской области, 120008, Кызылординская область, город Кызылорда, проспект Н.Назарбаева 72, контактный телефон: 8(7242) 23-51-50, e-mail: obnlmc@mail.ru. Основная деятельность: оказание специализированной медицинской помощи, именно стационарной помощи населению Кызылординской области. Требования к лицам, избираемым в наблюдательный совет, включает наличие высшего образования, а также одного из следующих требований: 1) Наличие опыта работы не менее десяти лет в сфере здравоохранения; 2) Опытаруководящей работы (руководитель юридического лица или его заместители) не менее пяти лет в сфере здравоохранения; 3) Являющегося членом общественного объединения в сфере здравоохранения. Лицо, изъявившее желание принять участие в конкурсе представляет комиссий следующее документы:	
Анықтама үшін байланыс телефоны: 8 (7242) 40-04-51 (3008), 23-53-41.		Перечень документов, которые необходимо представить для участия в конкурсе: 1) Заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме); 2) Резюме на государственном и русском языках; 3) Автобиография (в произвольной форме); 4) Нотариально заверенная копия документа, удостоверяющего личность кандидата; 5) Нотариально заверенная копия документа о высшем образовании; 6) Нотариально заверенная копия трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора либо выписки из приказов о приеме и прекращении трудового договора с последнего места работы; 7) Документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан. Кандидат зачитывает оригинал конкурсной заявки в конверте, пометив его «Оригинал». На этом конверте должны быть указаны фамилия, имя, отчество и адрес кандидата. Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть предоставлены в течение 30 календарных дней с момента публикации данного объявления в управлении здравоохранения Кызылординской области по адресу: город Кызылорда, проспект Абая, 27. Телефон для справок: 8 (7242) 40-04-51 (3008), 23-53-41.	

www.facebook.com/syrbойi.kz/ Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АК» – ақилы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.



ИСПАНИЯ ФИНАЛҒА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Луис де ла Фуэнте шәкірттері матчтың алғашқы минуттарынан-ақ ойын тізгінін өз қолына алып, допқа иелік етуде де, шабуыл ұйымдастыруда да қарсыласынан басым түсті. Турнир бойы қуатты құрамымен ерекшеленген Франция бұл жолы өз әлеуетін толық көрсете алмады.

Кездесудің 22-минутында испандықтардың шабуылшысы Ламин Ямаль айып алаңында Люка Диньнің ережені бұзуынан кейін пенальтиге ие болды. 11 метрлік айып добын Мисель Оярсабаль мұлт жібермей орындап, Испанияны алға шығарды.

Екінші таймда Франция таразы басын теңестіруге тырысқанымен, қорғаныстағы олқылықтың кесірінен тағы бір гол жіберіп алды. 58-минутта Педро Порро нәтижелі соққысымен есепті 2:0-ге жеткізіп, матч тағдырын ең жүзінде шешіп берді.

Қалған уақытта француздар шабуыл ұйымдастырғанымен, испан қорғанысы сенімді ойнап, қақпасына қауіп төндірген жоқ.



Матч алдында сарапшылар бұл кездесуді Ламин Ямаль мен Килиан Мбаппенің жеке текетіресі ретінде бағалаған еді. Алайда ойын тағдырын жекелеген жұлдыздар емес, тұтас ұжымдық футбол шешті.

Испания допты ұтымды бақылап, әр шабуылын жүйелі ұйымдастырса, Франция өз мүмкіндіктерін пайдалана алмады. Көптеген маман дәл осы жартылай финалды француздардың бұл Әлем чемпионатындағы ең сәтсіз ойынының бірі деп бағалады.

Матчта Ламин Ямаль мергендер қатарына қосыла алған жоқ. Бір голы офсайдқа байланысты есепке алынбады. Дегенмен дәл оның белсенді әрекеті нәтижесінде Испания алғашқы голын соққан пенальтиге қол жеткізді.

Жақында ғана 19 жасқа толған жас шабуылшы тағы бір мәрте өзінің жоғары деңгейдегі футболшы екенін дәлелдеді. Турнир барысында жарақаттан кейін толық бабына келе қоймағанымен, оның әрбір қозғалысы қарсылас қорғаушыларына қиындық туғызды.

Матч алдында бас бапкер Луис де ла Фуэнте шәкіртіне ерекше сенім білдірген еді.

– Мен оған сабыр сақтап, футболдан ләззат алуды ғана айттым. Ламиннің бұл Әлем чемпионатындағы ең жарқын күні әлі алда, – деген болатын испан маманы.

Францияның басты үміті Килиан Мбаппе бұл кездесуде өз мүмкіндігін пайдалана алмады. Испания қорғаушылары әлемнің үздік шабуылшыларының бірін толықтай бақылауда ұстап, оған қауіпті шабуыл жасауға мүмкіндік берген жоқ.

Осылайша, Франция қатарынан үшінші рет мундиальдің финалына шығу мүмкіндігінен айырылды. Еске салсақ, француздар 2018 жылы чемпион атанса, 2022 жылғы финалда Аргентинаға пенальтилер сериясында жол берген болатын.

Испания Әлем чемпионатының финалына өз тарихында екінші рет шығып отыр. Бұған дейін «Қызыл фурия» 2010 жылы Оңтүстік Африкада өткен мундиальда чемпион атанған еді.

Соңғы жылдары испандар Франциямен кездесулерде айқын басымдық көрсетіп келеді. Екі команда арасындағы соңғы үш ресми кездесуде Испания жеңіске жетті. Оның қатарында Еуро-2024 жартылай финалы, 2025 жылғы Ұлттар лигасының финалы және енді 2026 жылғы мундиальдің жартылай финалы бар. Енді Луис де ла Фуэнте бастаған команда Әлем чемпионы атағы үшін Англия мен Аргентина арасындағы екінші жартылай финалдың жеңімпазымен кездеседі. Испания үшін араға 16 жыл салып әлем тәжін қайта киюге тамаша мүмкіндік туып тұр.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Нұрлан Жанболат Нұрланұлының атына Қызылорда облысының Полиция департаментінен берілген КЗ №22814 қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.